

**Қаражал қалалық мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы II сессиясының N 19 "Қаражал қаласының аз қамтылған тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының XIV сессиясының 2013 жылғы 27 наурыздағы N 110 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 сәуірде N 2316 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 23 мамырдағы № 159 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 23.05.2024 № 159 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қаражал қалалық мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы II сессиясының N 19 "Қаражал қаласының аз қамтылған тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-5-127 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 12 мамырдағы N 18 "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) шешіміне, Қаражал қалалық мәслихатының 2012 жылғы 28 қыркүйектегі VIII сессиясының N 65 "Қаражал қалалық мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы II сессиясының N 19 "Қаражал қаласының аз қамтылған тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1956 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 31 қазандағы N 43 "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) шешімімен өзгерістер енгізілген, келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 9) тармақшасындағы ". " тыныс белгісі "; " тыныс белгісімен ауыстырылсын;

1-тармақ келесі мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) есептеу құралы - тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясының бір фазалық есептеуіші.";

2-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматтың) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған

дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге жұмсалатын айлық шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісінің 15 пайызы мөлшерінде белгіленеді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету үшін белгіленетін өлшем болып табылады.";

11-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"11. Тапсырылған құжаттарды қараудың қорытындысы бойынша уәкілетті орган осы Ереженің 1, 2-қосымшаларына сәйкес үлгі бойынша бланктерді толтырады.";

17 тармақтың 8) тармақшасындағы "." тыныс белгісі ";" тыныс белгісімен ауыстырылсын;

17-тармақ келесі мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот.";

Ереженің 1, 3-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

Ереженің 2-қосымшасы алынып тасталынсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (С. Сыртанбеков) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XIV сессияның төрағасы,

қалалық мәслихаттың хатшысы

З. Оспанова

Қаражал қалалық мәслихатының  
2013 жылғы 27 наурыздағы  
XIV сессиясының N 110 шешіміне  
1-қосымша  
Қаражал қалалық мәслихатының  
2012 жылғы 28 наурыздағы  
II сессиясының N 19 шешіміне  
1-қосымша

**Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы  
өтініш**

Мен \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., туған жылы)

тұрғын үйдің меншік иесі (жалға алушысы) болып табылатын, жеке куәлік

N \_\_\_\_\_, кіммен берілді \_\_\_\_\_, ЖСН \_\_\_\_\_

Қаражал қаласы \_\_\_\_\_ тұратын менің мекен жайым

бойынша құрамында \_\_\_\_\_ адам отбасыма коммуналдық және өзге де

қызметтер төлемдері бойынша, есептеу құралының құнын төлеуге

шығындарды өтеу үшін тұрғын үй көмегін тағайындауыңызды сұраймын.

N p/c	Өтініш беруші отбасының мүшелері Т.А.Ә.	Туған күні	Туыстық қатынастары	Әлеуметтік мәртебесі
1	2	3	4	5

Өтінішке қажетті құжаттарды \_\_\_\_\_ данада қоса беремін.

Есептік шоттың N \_\_\_\_\_ Банктің атауы \_\_\_\_\_

Өзгерістер болған жағдайда 10 күннің ішінде ол туралы хабарлауға міндеттенемін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 177-бабының 1-тармағына және 325-бабының 3-тармағына сәйкес, ұсынылған құжаттардың дұрыстығына жауапкершілікпен таныстым.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

Құжаттарды қабылдадым \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы)

-----  
кесу сызығы

Азамат \_\_\_\_\_ тұрғын үй көмегін

тағайындау үшін берілген өтініші қоса берілген құжаттармен \_\_\_\_\_

парақта қабылданды.

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған маманның Т.А.Ә.)

Қаражал қалалық мәслихатының  
2013 жылғы 27 наурыздағы  
XIV сессиясының N 110 шешіміне  
2-қосымша

Қаражал қалалық мәслихатының  
2012 жылғы 28 наурыздағы  
II сессиясының N 19 шешіміне  
3-қосымша

Отбасының тіркелу нөмірі \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ \_\_\_\_\_ ТОҚСАНДАҒЫ  
өтініш берушінің отбасысы мүшелерінің алған  
табыстары туралы  
МӘЛІМЕТ

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

т/б N	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Табыстардың құжатпен расталған сомасы		Басқа да мәлімделген табыстар	
		табыс түрі	сомасы, теңге	табыс түрі	сомасы, теңге

Өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

Маманның қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_